Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 159 бұйрығы

Министерство здравоохранения Республики Казахстан

# «Орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ -142/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ - 142/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21479 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орфандық аурулардың және оларды емдеуге арналған дәрілік заттардың (орфандық) тізбесінде:

реттік нөмірі 9- жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 33-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | D 80.0, D 80.1 D81. 0- D81. 9 D82. 0 | Иммундық механизм қамтылған жеке бұзылулар | Бастапқы иммун тапшылықтары | Қан, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизм қамтылған жеке бұзылулар | С1 ингибитор - адам эстеразасы | B06AC01 |
| | | | | | Ланаделумаб | B06AC05 |
| | | | | | Иммуноглобулин (тамырдан тыс енгізу) | J06BA01 |
| | | | | | Иммуноглобулин (венаішіне енгізу үшін) | J06BA02 |
| | | | | | Интерферон гамма | L03AB03 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | D83.0, D84.0, D84.1, D84.8 | | | | | |

»;

реттік нөмірі 46-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 46 | G 12.2 | Қозғалтқыш невронның ауруы. Қозғалтқыш невронның отбасылық ауруы | Амиотрофиялық бүйірлік склероз, жұлын бұлшықеттік атрофия – аккредителген зертханада молекулалық генетикалық растау болған кезде | Нерв жүйесінің ауруы | Филграстим | L03AA02 |
| | | | | | Нусинерсен | M09AX07 |
| | | | | | Рисдиплам | M09AX10 |
| | | | | | Рилузол | N07XX02 |

»;

реттік нөмірі 47-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 49-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 49 | G71.0 – G71.3 | Нервбұлшықет синапсы және бұлшықет аурулары | Бұлшықет дистрофиясы: Дюшенн немесе Беккер типті аутосомды рецессивті, ерте контрактуралары (Эмери-Дрейфус) бар жауырын-перонеальды), дистальды иық-жауырын-бет, қол- аяқ- бел, көз бұлшық еті, көз жұтқыншақ (окулофарингеалды).<br>Миотониялық Штейнер дистрофиясы. Туа біткен Томсен миотониясы. Исаакс нейромиотониясы. Туа біткен парамиотония. Туа біткен бұлшықет дистрофиясы: бұлшықет талшығының ерекше морфологиялық зақымдануы. Орталық ядро ауруы, миниядролық, мультиядролық Талшықтар типтерінің диспропорациясы. Миотубулярлық миопатия (орталық ядролы), немалиндік (немалинді дене ауруы). Басқа айдарларда жіктелмеген митохондриялық миопатия –аккредителген зертханада молекулалық генетикалық растау болған кезде. | Бастапқы бұлшықет бұзылулары | Дефлазакорт | H02AB13 |
| | | | | | Аталурен | M09AX03 |
| | | | | | Этеплирсен | M09AX06 |
| | | | | | Голодирсен | M09AX08 |

»;

реттік нөмірі 50-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 50 | E 74.8 | Glut 1 тапшылық синдромы | Glut I глюкозасының транспортері тапшылығы синдромы аккредителген зертханада молекулалық генетикалық растау болған кезде | Көмірсулар алмасуының басқа анықталған бұзылушылықтары | Тригептаноин | A16AX17 |

»;

реттік нөмірі 63-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 63 | G40.8 G40.9 | Эпилепсияның сирек кездесетін және резистентті түрлері | Ерте нәрестелік эпилептикалық энцефалопатиялар (инфантильді спазм – Вест синдромы); Туберкулезді склероз (Бурневилл ауруы); Ландау-Клефнер синдромы; (Леннокс-Гасто синдромы); Симптоматикалық ерте миоклониялық энцефалопатия (Отахар синдромы); Ерте миоклониялық эпилепсия; Миоклониялық абсанспен болатын эпилепсия (Тассинари синдромы); миоклониялық-астатикалық эпилепсия(Дуз синдромы),Драв синдромдары барлық расталған генетикалық мутациялар | Нерв жүйесінің ауруы | Адренокортикоидты гормон (АКТГ) | H01AA |
| | | | | | Тетракозактид | H01AA02 |
| | | | | | Этосуксимид | N03AD01 |
| | | | | | Вигабатрин | N03AG04 |
| | | | | | Сультиам | N03AX03 |
| | | | | | Лакосамид | N03AX18 |
| | | | | | Мидазолам | N05CD08 |
| | | | | | Перампанел | N03AX22 |
| | | | | | Тиагабин | N03AG06 |
| | | | | | Руфинамид | N03AF03 |
| | | | | | Фенитоин | N03AB02 |
| | | | | | Стирипентол | N03AX17 |
| | | | | | Клобазам | N05BA09 |

»;

реттік нөмірі 66-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 66 | C47.3 C47.4 C47.5 C47.6 C47.8 C47.9 C48.0 C74.1 C74.9 C76.0 C76.1 C76.2 C76.7 C76.8 | Нейробластома | Нейробластома | Дәл белгіленбеген қатерлі ісік | Динутуксимаб бета | L01XC16 |

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А. Альназарова**